

«Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау»  
Мемлекеттік қызмет паспорты

1	<b>Көрсетілетін қызметті беруші</b>	Аудандардың ауыл шаруашылығы бөлімдері, «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ
2	<b>Көрсетілетін қызметті тұтынушылар</b>	жеке және заңды тұлғалар
3	<b>Көрсетілетін қызметтің нысаны</b>	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде
4	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну орны</b>	1) аудандардың ауыл шаруашылығы бөлімдерінің, Батыс қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының кеңсесі; 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаменті (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 3) «электрондық үкіметтің» <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
5	<b>Жұмыс кестесі</b>	1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2. Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. 3) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі – сенбі аралығында түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін жүргізіледі.
6	<b>Қажетті құжаттар</b>	көрсетілетін қызметті берушіге және Мемлекеттік корпорацияға – белгіленген нысан сәйкес өтінім, порталға – белгіленген нысан бойынша көрсетілетін қызметті

		алушының ЭЦҚ-мен расталған электрондық құжат нысанындағы өтінімі.
7	<b>Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі</b>	тегін
8	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі</b>	<p>көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 6 (алты) жұмыс күні.</p> <p>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;</p> <p>2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан артық емес, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан артық емес, Мемлекеттік корпорацияда – 20 (жиырма) минут.</p>
9	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі</b>	<p>1) ағымдағы жылы және өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында тыңайтқыштарды жеткізушіден және (немесе) тікелей шетелдік тыңайтқыштарды өндірушіден сатып алынған тыңайтқыштарға (органикалықтарды қоспағанда) жұмсалған шығындарды өтеу үшін көрсетілетін қызметті алушылардың;</p> <p>2) ағымдағы жылы және өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында көрсетілетін қызметті алушыларға өткізілген тыңайтқыштардың (органикалықтарды қоспағанда) құнын арзандату үшін отандық тыңайтқыш өндірушілердің банктік шоттарына тиесілі субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ақы төлеуге төлем құжаттарын ұсыну.</p>
10	<b>Нормативтік-құқықтық актілер</b>	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығымен бекітілген «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидалары», Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі №4-4/679 бұйрығымен бекітілген «Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.

11	<b>Қосымша ақпарат</b>	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тиісті қызмет берушінің интернет-ресурсында;</li> <li>2) Министрліктің <a href="http://www.minagri.gov.kz">www.minagri.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</li> <li>3) Мемлекеттік корпорацияның <a href="http://www.con.gov.kz">www.con.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</li> <li>4) порталда орналастырылған.</li> </ol> <p>Көрсетілетін қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңбасы болу шартымен мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары <a href="http://www.minagri.gov.kz">www.minagri.gov.kz</a> интернет-ресурсында көрсетілген.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.</p>
----	------------------------	--

**Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Мемлекеттік қызметтертер көрсету мәселелері бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшыларының атына (аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдерінің мекен-жайлары бойынша) немесе БҚО ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының атына мына мекен-жай бойынша беріледі: 090000, Орал қаласы Қ.Аманжолов көшесі 75 үй, телефоны (87112) 50-65-94.

Шағым почта арқылы жазбаша нысанда, не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) көрсетілетін қызметті берушінің шағымды қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинеттен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

---